

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «27» маусым

БЖЗҚ-ның жаңа онлайн-қызметтері

БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға қашықтықтан қызмет көрсетуді дамыту бойынша белсенді жұмыс атқарып жатыр. 2017 жылғы маусым айында Қор enpf.kz сайтында мынадай электрондық қызметтерді жүзеге асырды:

- міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу жөнінде өтініш беру. Бұл сервис 2017 жылдың 30 маусымында іске қосылады, қазір соңғы тестілеу шарасы өткізіліп жатыр;
- зейнеткерлік жасқа толуға байланысты немесе 1-ші немесе 2-ші топтардағы мүгедектердің мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру. Алғашқы өтініштер жолданды, онлайн рәсімдеу бірнеше минутты алады;
- төлемдерді тағайындау және (немесе) аудару жөніндегі өтініштің орындалу мәртебесін қадағалау. Сервис жұмыс істеп тұр.

Бұл қызметтер enpf.kz веб-сайтының «Электрондық қызмет көрсету» бөлімі және Жеке кабинетінде қолжетімді. Міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу жөнінде өтініш беру үшін электрондық цифрлық қолтаңбаның (*бұдан әрі – ЭЦҚ*) маңызды кілтін алу жеткілікті.

Зейнетақы төлемдерін тағайындау жөнінде өтініш беру үшін ЭЦҚ-дан басқа Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық валютада (*теңге*) екінші дәрежелі банкте немесе «Қазпочта» АҚ-та ашылған, 20 саннан тұратын банк шоты туралы мәліметті және екінші дәрежелі банктің деректемелерін көрсету қажет.

Бұл ретте БЖЗҚ алушыға төлемдерді тағайындау/аудару жөніндегі өтініштің орындалуы туралы СМС-хабарлама жіберу арқылы құлағдар етеді.

Одан басқа, зейнетақы төлемдерін тағайындау немесе зейнетақы жинақтарын аудару жөнінде өтініш берген салымшылар (*алушылар*) немесе кесте бойынша БЖЗҚ-дан төлем алушылар өздерінің берген өтініштерінің орындалу мәртебесін БЖЗҚ веб-сайтынан қадағалай алады.

Зейнетақы жинақтарын төлеу немесе аудару мәртебесі туралы мәліметтерді Жеке кабинеттен білуге болады. Ол үшін салымшылар (*алушылар*) алдымен сайтқа тіркеледі. Кейін ЭЦҚ немесе ЖСН (*жеке сәйкестендіру нөмірі*) мен құпия сөздің (пароль) көмегімен Жеке кабинетке кіре алады.

Жеке зейнетақы шотындағы ақша қозғалысы туралы құпиялықты сақтау мақсатында зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты «интернет арқылы» алу тәсілін таңдаған жағдайда ғана ЖСН мен парольді тіркеуге болады.

Бұл үшін жеке басты куәландыратын куәлікпен БЖЗҚ кеңсесіне жүгіну қажет.

Ал бұған дейін жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішті, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты немесе қосымша келісімді рәсімдеу барысында ақпаратты «интернет арқылы» алуды таңдаған адамдар үшін БЖЗҚ кеңсесіне келудің қажеті жоқ.

Жаңа электрондық қызметтер жайлы жазылған толыққанды Жадынамалармен БЖЗҚ-ның enpf.kz сайтынан танысуға болады. Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында оларды e-gov.kz электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асыру жұмыстары басталады.

2017 жылдың үшінші тоқсанында БЖЗҚ тағы бір электрондық қызметті – БЖЗҚ дерекқорында көрсетілген, салымшының қосымша деректемелеріне өзгерістер/толықтырулар енгізуді жоспарлап отыр. Бұл деректемелерге жеке басты куәландыратын құжаттың деректері (түрі, нөмірі, күні мен осы құжатты берген орган), пошталық немесе электрондық мекенжай, телефон нөмірлері (үй, жұмыс, ұялы) жатады.

Осылайша, БЖЗҚ онлайн режимінде салымшының жинақтаушы зейнетақы жүйесінде болған бүкіл кезеңі барысында – жеке зейнетақы шотын ашқаннан бастап зейнетақы төлемдерін алғанға дейін оған ілеспе қызмет көрсетуге дайын.

***БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңсесіне берілді.*

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған шақта бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына мемлекет тарапынан кепілдік берілген.